

ӘОЖ 14

**Т. Х. Рысқалиев**, философия ғылымдарының докторы, профессор  
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., Қазақстан

### **МАРКСТЕН КЕЙІНГІ БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНАН ҚАНДАЙ САБАҚ АЛУҒА БОЛАДЫ?**

#### **Аннотация**

Батыстың классикалық философиясы (Аристотель, Декарт, Кант, Гегель, Маркс ж.б.) бізді көп нәрселерге үйретті.

Мақалада кейінгі Батыстың классикалық емес философиясынан (Шопенгауэр, Кьеркегор, Ницше, Хайдеггер, Сартр, Камю, Фрейд ж.б.) не үйренуге болатыны сөз болады.

***Түйін сөздер:** Батыс философиясы, классикалық философия, философияның предметі, ХХ ғасыр философиясындағы жаңа проблемалар, психоанализ, прагматизм, экзистенциализм, таңдау, жалғыздық, үрей, өзіне өзі қол жұмсау, абсурд, позитивизм, герменевтика.*

Өткен ғасырдағы және қазіргі кездегі Батыс философиясының бағыттары да, көрнекті өкілдері де толып жатыр. Біз алдымызға олардың бәрін талдап жату мақсатын қойып отырған жоқпыз. Тек өнегелі ойлары мен өзекті мәселелеріне тоқталғымыз келеді.

Батыс философиясының Канттан, Гегельден, Маркстен кейінгі жағдайы қандай болды екен? Қызық сұрақ қой.

Бір кезде француз философы Огюст Конт философияның болашағына күмән келтіріп еді. Философияның күні өткен. Енді оған сұраныс болмайды, - деп ойлады. Дінмен, мифологиямен бірге философияны да интеллектуалдық зиратқа апарып тастауға болады – деген тұжырым жасады.

Солай болып шықты ма? Жоқ. Философия Шығыста да, Батыста да қарқынды дамуын жалғастырды. Философияға немқұрайлы қараған Құрама Штаттарда да ХХ ғасырда философияға баса көңіл бөлінді. Жер-жерден философтар шақырылып, олардың жұмысына барлық жағдай жасалды.

ХХ ғасырдың аяғында орыс, қазақ философиясы да жаңғырып, өрлеу жолына түсті.

Адамзатқа тек ғылым, техника, технология ғана емес, дін де, өнер де, әдебиет те, сол сияқты философия да керек болып шықты.

ХХ ғасырда дүниеде, адам мен қоғам өмірінде бұрын-соңды болмаған күрделі үрдістер орын алды. Азаттықты аңсаған, теңсіздікті жоюға тырысқан елдер көбейді. Африка елдері, Индия тәуелсіздікке ие болды. Куба АҚШ-тың ықпалынан босанып шықты. Жаңа социалистік қоғам дүниеге келді. Өмір салты да, көзқарасы да, мүдделері де қарама-қайшы капиталистік және социалистік жүйелер пайда болды.

Дүние Батыс – Шығыс болып екіге бөлінді. Бұрын – соңды болмаған, миллиардтардың өмірін жалмаған дүниежүзілік соғыстар орын алды.

Ғылым мен техника адам өмірін жақсартудың, жеңілдетудің орнына адам өмірін құртуға бағытталған қару-жарақтардың жойқын түрлерін ойлап тапты, жасап шығарды.

Адам санасында бұрынғы оптимизмнен гөрі пессимизм – бәрінен түңілу – басым болды. Осының бәрі есті адамдарды ойландырып, философияға бет бұрғызды.

Ғылым философиясында «классикалық ғылым» деген ұғым бар. Өкілдері: Галилей, Ньютон, Дарвин, Маркс... Сонымен бірге ХХ ғасырда «классикалық емес ғылым» деген ұғым

пайда болды. Өкілдері: Эйнштейн, Нильс Бор, Макс Планк, Анри Пуанкаре, Вернер Гейзенберг...

Сол сияқты әдебиетте «классикалық философия» және «классикалық емес философия» деген ұғымдар да қолданылып келеді.

Классикалық философия Кантпен, Гегельмен, Маркспен аяқталады. Ал классикалық емес философия Шопенгауэрден, Кьеркегордан, Ницшеден басталады.

Ф. Энгельстің бір шығармасы «Людвиг Фейербах және классикалық неміс философиясының ақыры» деп аталады. Тауып айтқан екен. Бірақ бұл неміс философиясының ғана емес, ғылымды бетке ұстап, сыртқы дүниеге баса көңіл бөлетін жалпы классикалық философияның ақыры болып шықты.

XX ғасырдағы және қазіргі Батыс философиясын да классикалық емес философия қатарына жатқызуға болады.

Айта кететін бір жайт – болашақта да ғылым жолымен дамитын, ғылымды бетке ұстайтын философия да, философтар да болмайды деу артық болар. Бірақ ондай философия атына заты сай келмейтін нәрсе болып шығады. Философия деген - даналық, даналыққа құштар сананың формасы.

«Классикалық емес» дегенде ондай философияның деңгейі төмен екен деп түсінуге болмайды. Мәселе философияның предметі, тақырыптары, бағыты, мазмұны өзгергені туралы болып отыр.

XX ғасырдағы Батыс философиясы Гегельдің, Маркстің философиясына мүлдем ұқсамайды.

«Классикалық философияның ақыры» дегенде біз Кант, Гегель, Маркс ескірді, енді ұмыт болады деп тұрғанымыз жоқ. Олар классиктер ретінде ғылым, философия, мәдениет тарихында мәңгі қалады. Қазір дүние жүзінде Маркске, оның «Капиталына» қайта оралып жатыр. Немесе болашақта философияда классиктер болмайды екен деп те ойлауға болмайды. Шопенгауэрді, Ницшені, болмаса Макс Веберді, Мартин Хайдеггерді, Сартрды, Камюді классик емес деп ешкім айта алмайды.

XX ғасырдағы Батыс философиясы экзистенциалдық сипатта дамып келеді. Адам өміріне, өмірдегі қайшылықтарға баса көңіл бөліп жатыр. Адамға, адам өміріне бет бұру арқылы Батыс философиясы қайтадан даналыққа жүгінетін болды. Сартрдың, Камюдің, Гадамердің ілімдерінде тағылымды ойлар жетеді. Классикалық философия даналықтан алшақтап кетіп еді.

Орыс философиясының да, қазақ философиясының да экзистенциалдық жолмен дамып келе жатқанын айта кету керек.

Классикалық философияны Кьеркегор эссенциалды философия деп атады. Эссенция – мән (сущность) дегенді білдіреді. Жаңа, классикалық емес философия, оның ойынша, экзистенциалды философия болуы керек. Дат ойшылының айтқаны келді.

Қайталап айтам: классикалық философия ғылым жолымен дамыды. Сондықтан ол құбылыстан гөрі оның артындағы мәнге, заттардың ішкі байланысына, заңдарына баса көңіл бөлді. Гегель және Маркс идеяға, ұғымдарға, табиғатқа, қоғамға тән жалпы заңдарды - диалектика заңдарын - ашты.

Классикалық философия жалпы дүниелерді, жалпылама ұғымдарды қарастырады: жалпы табиғат, жалпы қоғам, жалпы адам, материя, субстанция, сана, идея, рух т.т. Жалпы қоғам деген жоқ, бұл – тек абстракция. Жалпы адам деген жоқ, тек ет пен сүйектен жаралған нақты адам бар.

Демек, бұрынғы философия – Гегель, Маркс – жалпы ұғымдармен айналысқан. Гегельдің әйелінің айтуына қарағанда, ол нақты жеміс түрлерін – алма, алмұрат, өрік деген не екенін білмейді екен. Оның білетіні - «жалпы жеміс» (плод вообще).

Жаңа, классикалық емес философия жалпыға емес жалқыға, жекеге, дараға, нақты заттарға, мәннен гөрі құбылысқа көбірек көңіл бөледі. Әдейі солай істеді. Сөйтіп, ғылым жолынан ауытқыды.

Бұрынғы философия зердені алдыңғы орынға қойды, ғылымның мүмкіндігін асыра бағалады. Рационализм, сциентизм бағыттарын ұстанды.

XX ғасырдағы Батыс философиясы зердеге, ғылымға сенімсіздік білдіріп, рационализмнің орнына иррационализм, сциентизмнің орнына антисциентизм ұстанымдарын қолдады.

Құбылыс (феномен) дегенді Гегель мәннің бір көрінісі ретінде қарастырады. «Мән құбылады, құбылыс мәнді болып келеді» - дейді. Құбылыс кейде мәнді бұрмалауы мүмкін деп есептеді. Күннің Жерді айналуы заңдылық емес, шындықты бұрмалау болып табылады. Это – видимость. Адамға Күн қозғалып тұрған сияқты болып көрінеді. Сондықтан құбылысты тап сол күйінде қабылдауға болмайды, мәнмен салыстыру керек. Дұрыс қой. Бірақ құбылыс болмаса мәннің де мәні болмас еді.

XX ғасырдағы философия құбылыс (феномен) дегенді сирек кездесетін ерекше, қайталанбас нәрсе деп түсінеді. Мысалы, Сократ – феномен, өзіне өлім жазасын тілеп алған. Ницше – феномен, Шоқан да, Абай да – феномен. Тарихта екінші Шоқандай тұлға болуы мүмкін емес деп айтуға болады.

Бұрынғы философия жалпыға, қоғамдық болмысқа баса назар аударып, жеке адамның өміріне көңіл бөлген жоқ. Нақты адам тасада қалды. Осы тұрғыдан Гегельге де, Маркске де кінә тағуға болады. Олар жалпы адам туралы сөз етеді, ал адам қалай өмір сүреді, неге ұмтылады, оның қоғамдағы, дүниедегі орны қандай, ол өз өміріне риза ма, жоқ па - бұл жөнінде ештеңе айтпайды.

XX ғасырдағы философия «экзистенция» деген ұғымға сүйеніп, адамның тіршілігіне, іс-әрекетіне, көңіл күйіне баса назар аударады.

Философияның предметі адамның нақты өмірі деп танылды.

Классикалық философия сыртқы дүниеге көңіл бөліп, ғылымға жақын болды. Қазіргі Батыс философиясы өзінің дінге, әдебиетке, өнерге жақындығын ашып айтады. Өйткені нақты адамды тану үшін философияға ғылымнан гөрі әдебиеттің, өнердің, діннің көмегі қажет.

XX ғасыр философиясында бұрын қойылмаған жаңа проблемалар пайда болды.

Енді соларға тоқталайық

### 1. Бисаналық (бессознательное).

Адам есті болған соң әруақытта да саналы іс-әрекет жасайтындай көрінеді. Адамға осы тұрғыдан талап қойылып жатады. Шын мәнісінде адамның саналы өмірі оның психикалық өмірінің кішкентай ғана бөлігі екен. Адам көбіне машиналды, механикалық күйде, роботша, ойланбастан әрекет жасайтын көрінеді.

Батыста бисаналық проблемасын өткір түрде қойған австриялық психиатр, психолог - дәрігер Зигмунд Фрейд болды. Әдебиетте оны Дарвиннің, Маркстің, Эйнштейннің қатарына қояды. Фрейд адам жөніндегі қалыптасқан түсінікті түбірімен өзгертті. Фрейд Батыстағы **психоанализ** деген бағыттың негізін қалады.

Фрейд адамның психикасын солтүстік мұзды мұхиттағы айсбергке (мұзтауға) теңейді. Айсбергтің судың бетіндегі бөлшегі психиканың саналы бөлігі. Судың астындағы үлкен бөлік ол – бисаналық. Адамның психикасын көбіне көп осы көрінбейтін бөлік – бисаналық – анықтайды.

Фрейдтің тағы бір теңеуі – ол бисаналықты адам мініп келе жатқан атқа теңейді. Ат адамның еркімен жүреді. Бірақ кейде ат адамның ырқына көнбей, алып қашып, оны орға жығуы мүмкін. Сол сияқты бисаналықтың ықпалымен адам кейде өзі қаламаған, өзіне де, басқаларға да зиянды әрекеттер жасайды. Неліктен олай істегенін өзі де түсіндіріп бере алмайды.

Адам психикасы, - дейді Фрейд, үш қабаттан тұрады: астыңғысы – бисаналық (Jd – ол). Жоғарғы қабаты - «Жоғарғы Мен» (Super Ego) - қоғамдық сана, көптің пікірі. Ортасында - адам санасы (Ego), «Мен».

1). Бисаналық – қараңғы инстинктивті бастау, әртүрлі себептермен жүзеге аспаған, кейін психиканың түкпіріне ығыстырылған адамның қалауы, құмарлығы, нәпсісі.

Адамның қалағаны бола бермейді. Бұған дін, мораль, қоғамдық пікір, дәстүр жол бермейді. Жарыққа шықпай, тиым салынған құмарлықтар, қалаулар ұшты-күйлі жоғалып кетпейді, психиканың түпкі қабатында жиналады. Бір күні әртүрлі жағдайларға байланысты түпкіздегі қалаулар күш алып, адамның психикасын билеп, адамды әртүрлі оқыс қимылдарға итермелейді. Адам сонда адамшылыққа жатпайтын әрекеттер жасауы мүмкін. Бұл әртүрлі

стресске, невроздарға алып келеді.

Фрейд сондай ауруларды жақсы емдеген.

2). «Жоғарғы мен», «Сверх Я» - бұл қоғамда үстемдік ететін пікір, дін, мораль, идеология, саясат. Super Ego адамның инстинктивтік, ерсі қалауларын тежеу үшін қызмет етеді. Ницше, мысалы, моральды «смирительная рубашка», психикасы бұзылған адамдарға кигізілетін көйлек деп атап еді.

3). Ego – сана - бисаналық пен жоғарғы Меннің ортасында анаған да, мынаған да жалтақтап күн көретін бейшара.

«Меннің» жағдайы өте ауыр - дейді Фрейд. Ол төс пен балғаның арасында жаншылған «бақытсыз Мен». Оған жоғарыдан да, төменнен де қысым жасалады. Сөйтіп «Мен» - сана өз үйінде өзі қожайын бола алмайды.

Бисаналық мәселесіне бізде әлі жете мән берілмей келеді. Бұл – педагогикада, психологияда, медицинада, философияда өзекті орын алатын мәселе. Оның мән-жайын ұстаздар да, ата-ана да қай адам да жете түсінуі керек.

## **2. Ақиқаттың субъективтілігі туралы мәселе.**

Классикалық философияда ақиқат деп объективті, адамның еркіне көнбейтін білімдер жүйесін таниды. **Прагматизм** деген ХХ ғасырдағы философиялық бағыт ақиқат деп адамға тәуелді, адамға пайдалы болып келетін білімдерді, түсініктерді айтады.

Прагматизм - гректің **pragma** іс-қимыл деген сөзінен.

Бұл философиялық бағытты әдебиетте «Нағыз американдық философия» деп атайды. Өйткені Америкада қай ғылымға да қойылатын басты талап - оның адамға пайда келтіруі. Философия да іс-қимылдың бастауы, пайда табудың көзі болуы керек. Бір кезде Эпикур айтып еді: «Тән жарасын жаза алмайтын медицинадан қайыр болмайтыны сияқты, жан жарасын жаза алмайтын философиядан да қайыр жоқ» - деп. Прагматизмнің өкілдері: Чарльз Пирс, Уильям Джемс, Джон Дьюи ж.б. Бәрі - америкалық оқымыстылар.

Орыс философиясында ақиқат деп шындықты (правда) және әділеттілікті (справедливость) айтады.

Қазақ философиясында ақиқат деп реттілікті, жөн-жосықты айтады. Абай: «Егер ісім өнсің десең, ретін тап» - дейді.

Классикалық философияда (Аристотельде, Гегельде, Марксте) ақиқат – біздің біліміміздің белгілі бір затқа, құбылысқа сәйкес келуі.

Прагматизм білімнің, пікірдің адам үшін тиімділігіне мән береді. Дін адамға пайдалы, демек, діни қағидалардың бәрі - ақиқат. Құдай дүниені жеті күнде жаратты десе, соған сену керек. Құран сөзін тап тура мағынасында түсінбеу керек. Құран сөзі астарлы, көп мағыналы болып келеді. Жеті күн деген жетпіс күн, жетпіс жыл, жеті миллион жыл болуы мүмкін. Құранда, Тауратта Құдай Адамды - алғашқы адамды - саз балшықтан жасады деп жазылса, бұл бізде күмән тудырмауы тиіс. Құдайдың құдыретіне адамға тән өлшеммен қарауға болмайды.

Қоғамдық пікір, идеологиялық нұсқау қоғам үшін тиімді, демек ол – ақиқат, оны бетке ұстауға болады. Ал Маркс идеологияны жалған сана дейді. Қарама-қарсы жақтардың мүддесін сыңаржақты бейнелейді.

Зат, құбылыс жөніндегі ақиқат біреу болуы керек. Прагматизм ақиқаттың көптігін мойындайды. Сен саған ұнаған пікірді ақиқат деп, мен маған ұнаған пікірді ақиқат деп тануымызға болады. Бізге сондай тұжырым тиімді болуы мүмкін.

## **3. Экзистенция немесе өмірдегі шекаралық жағдай мәселесі.**

Адам өмірінде орын алатын шешуші, қиын-қыстау сәттер, жағдайлар туралы. «Existentia» деген латын сөзінің тура мағынасы – тіршілік. Бірақ әңгіме күнделікті күйбің-шүйбің тіршілік, күнкөріс жөнінде емес, адамға тап болатын қысылтаяң шақ туралы болып тұр.

Өмір бір қалыпты, бір сарында жалғаса бермейді. Кейде күтпеген, оқыс жағдайлар кездеседі. Адам екі түрлі жолға тап болады. Қайсысына түсу керек? Қайсысын таңдау керек? Қайсысы ойлаған мақсатқа жеткізеді? Осындай жеме жемге, не бұлай, не олай деп қысылған шақта кімнің кім екені көрінеді.

Адамға таңдау жасауға тура келеді.

Бір кезде Кьеркегор қойған осы мәселемен ХХ ғасырда Батыстағы **экзистенциализм** деген бағыт айналысып келеді. Өкілдері – М.Хайдеггер, Жан-Поль Сартр, Альбер Камю, Карл Ясперс ж.б.

#### 4. Таңдау (выбор).

Адамға кейде шешуші таңдау жасауға тура келетін жағдай болады. Бұл талғам оның өмірінде үлкен бетбұрыс жасауы мүмкін. Или-или, қазақта жеме-жем, олай не бұлай дейді.

Кьеркегор үйленер алдында өзі сүйген Регина Ольсеннен бас тартады. Ешкім оның бұл қадамын түсінбейді. Өзі де осы үшін өкінумен өтті. Бірақ бұл қадам оның кейін ойшыл - философ, ешкімге ұқсамайтын жазушы болуына ықпал етті.

Паскаль ғылымды, математиканы тастап, монастырға кетті. Соның салдарынан діни ойшыл – философ, «Ой түйіндері» («Мысли») деген терең туындының авторы пайда болды.

Платон Сократты жазықсыз өлім жазасына кескен елінен, халқынан безіп, оншақты жыл басқа елдерді паналауға мәжбүр болды.

Маркс пен Энгельс езілген таптың мүддесін көздеп, өз ортасынан, ата-анасынан қол үзді.

#### 5. Жалғыздық.

Кейде адам көптің ортасында болса да өзін жападан жалғыз қалғандай көреді, өзінше ойлайды, өзінше әрекет жасайды. Қасындағы адамдар оны түсінбейді. Мұндай жағдай әдетте даналардың, ойшылдардың, шығармашылыққа бейім адамдардың басында болады. Олар өзінің таңдауымен, түсінігімен, көзқарасымен көпшіліктен окшауланады, өз уақытын басып озады. Сирек болса да сондай адамдар өмірде кездеседі.

Гераклит жалғыз болды. Патшаның баласы патша болудан бас тартты. Платон жалғыз болды. Паскаль, Шопенгауэр, Ницше жалғыз болды. Кьеркегор бейітінің басына: «Бұл – жалғыз» деген сөзді жазуды аманат етті. Махамбет «жалғыздықпен дос болды». Абай: «Моласындай бақсының, жалғыз қалдым - тап шыным» - дейді. Тағы бір сөзі: «Досты қайдан табарсың, кеңесерге адам жоқ. Әрлі-берлі шабарсың, жалғыздықтан жаман жоқ».

Мұқағали: «Фариза, Фаризажан, Фариза қыз, дүниеде ақындардың бәрі жалғыз» - дейді. Өзі де өмірден жалғыз болып өтті.

Тағы бір талантты ақынымыз Т.Айбергеновтың «Жалғыздық» деген өлеңі бар: «Жападан жалғыз мен байғұс Келе жатқандаймын орманда» - дейді.

Қазақтар жалғыздықты қаламайды: «Көпнен көрген ұлы той», «адам күні адаммен» дейді. «Жаяудың шаңы шықпас, жалғыздың үні шықпас» деген мақалды білеміз. «Жалғыздық бір Құдайға жарасқан» - дейді. Кім Құдайға тең келеді? Қазақтың сөзі де дұрыс.

Батыс философиясында жалғыздық даралықты, басқаға ұқсамауды білдіреді. Сондай тұлғаларға айрықша мән береді, соларды үлгі етеді.

#### 6. Үрей (страх).

Батыс философиясында осы мәселе де жиі-жиі сөз болады. Әңгіме біреуден немесе нақты бір қауіптен қорқу жөнінде болып тұрған жоқ. Адам өзінің неден қорқатынын білмеуі де мүмкін. Өзінің, отбасының, халқының, тіпті бүкіл адамзаттың болашағын ойлап қауіптенеді. Жаһанданудың салдары қандай болады? Қазақ өзінің тілінен, ділінен, дәстүрінен, салтынан айырылып қалмай ма? Экологиялық жағдай адам баласын неге апарып соқтырар екен? Қазір бұрын-соңды болмаған аурулар пайда болды. Адамдардың қарым-қатынасында қатыгездік, жасандылық, немқұрайдылық көбейді. Осының бәрі адамдарды үрейленуге итермелейді.

Ғұмар Қараштың «Неден қорқам?» деген өлеңі бар. Содан үзінді келтірейін:

...Асығыс істей салған істен қорқам,  
Қандары тасқан қара күштен қорқам.  
Дос болып бірге жүріп қастық етіп  
Тысына қайшы келген іштен қорқам.  
Көруге бек әдемі болса дағы,  
Құбылма тез оңатын түстен қорқам.  
Мезгілсіз ерте туған таңнан қорқам,  
Жауынсыз құр желдеткен шаңнан қорқам.  
«Таң туды, мезгіл жетті» деп адасып,  
Құрылған қараңғыда заңнан қорқам.

Істері адамдыққа жанаспаған,  
Жануар – екі аяқты аңнан қорқам...

Соңғы кезде Батыста да, Шығыста да ақырзаман туралы жиі айтылып жүр.

### **7.Өзіне өзі қол жұмсау (Суицид).**

Бұрынғы философияда мұндай мәселе жоқ. Өмірден бас тартуға бола ма? Қазір жұрт, жастар жағы дінге бет бұрып жатыр. Қай дін де өзіне өзі қол жұмсауды құптамайды.

Өмір - күрес, тартыс, қиындықтарға толы. Адам сол қиындықтарды жеңу арқылы өсіп жетіледі, адам атын ақтайды.

Адам тек өзі үшін ғана өмір сүрмейді. Оның ата-анасы, жақын-жуықтары, бала-шағасы болады, өмір сүретін қоғамы, Отаны бар. Солардың бәрін ел қалай қиып кетеді?

Батыс философиясында адамның өмір сүруге де, өмірден баст тартуға да еркі бар деп есептеледі. Бұл да - демократияның бір көрінісі. Адам кейде өмірден жалығады, өмірден бас тартады. Бұл да – таңдау. Экзистенциализм деген философиялық бағытта өзіне өзі қол жұмсау мәселесі жиі-жиі қарастырылады. Оның себебін түсіндірмек болады. Альбер Камюдің «Суицид» деген шығармасы бар.

Өкінішке орай, бізде де соңғы кезде өзіне өзі қол жұмсау фактілері көбейіп кетті. Әсіресе, жастар арасында. Бұл – ата-ана үшін, қоғам үшін күрмеуі қиын проблема.

### **8. Абсурд (ақылға сыймайтын, мағынасыз жағдай).**

Өмірде мұндай жағдай бола ма? Жиі-жиі болады екен. Біздің қанша уақытымыз босқа өтіп жатыр? Адамдар қалай болса, солай өмір сүреді. Осы абсурд емес пе? Адам ішімдікке, есірткіге әуес болып, өзін өзі құртып жатады. Бұл да ақылға сыймайды.

Француз философы Камю абсурд мәселесін өзекті мәселе ретінде қарастырады. Камюді тыңдап көрейік. Адамның күнделікті өмірі: Ұйқыдан ояну, жуыну, тамақтану, автобуска мініп, жұмысқа бару; төрт сағат жұмыс істеп түскі тамақ ішу, қайтадан үш-төрт сағат жұмыс істеу. Тағы да автобус, кешкі тамақ, сосын ұйқы. Бүгін де, ертең де, күн сайын, жұма сайын, ай сайын, жыл сайын осы жағдай, осы жол, осы жұмыс, осы адамдар. Өне бойы бір адаммен тұру оңай дейсің бе? Бұл үшін ерлі-зайыптылар өне бойы біріне бірі ұнауға тырысуы керек. Адам робот емес қой. Осындай біркелкі өмір түбі оны жалықтырады. Батыс философиясында жалығу (скука) деген де проблема бар. Бір күні «Неге?» деген сұрақ туады. Адам өз өмірі туралы ойланады. Өмір осылай бір қалыпта өте беруі керек пе? Мен осы үшін өмір сүріп жүрмін бе?

Адам мұндай жағдайды өзгертпек болады. Тіпті мұндай мағынасыз өмірден бас тартуды ойлайды. «Бүйтіп өмір сүргенше сүрмей-ақ қояйын» дейді.

Камюдің «Бүлікші адам» («Бунтующий человек») деген де шығармасы бар. Қазіргі Батыс философиясында позитивизм, неопозитивизм, герменевтика деген бағыттар бар.

**Позитивизм**, оны жалғастырған **неопозитивизм** философияның тәлімгерлік, дүниетанымдық рөлін жоққа шығарады. Философияның ендігі қызметі ғылымға көмекші болу, ғылым тәсілдерін, ғылым тілін, ғылыми тұжырымдарды түсіндіру деп біледі.

Бір кезде – орта ғасырда – философия діннің қызметшісі болды. Кейін ХХ ғасырда идеологияның, саясаттың құралына айналды.

Енді ғылымға қызмет етуі керек. Бұл да жөн. **Ғылым философиясы** деген бағыт осы қызметті ойдағыдай атқарып келеді. Бірақ философияның функциясын, мәдениет аясындағы рөлін мұнымен шектеп қоюға болмайды. Философия бұрын да, қазір де, болашақта да мәдениет, тарих, адам әлемі туралы рефлексия болып табылады. Былайша айтқанда, осының бәрін ой елегінен өткізіп, тағылымды тұжырымдар жасайды.

**Герменевтиканы** Батыста **түсінік философиясы** деп атайды (философия понимания). Шынында да, бұл бағыттың өзекті мәселесі – түсінік, тарихты, классикалық әдебиетті, Қасиетті діни кітаптарды түсіну. Кейбір құбылыстарды біз ғылымның көмегімен танып біле аламыз. Ал кейбір құбылыстарды, айталық, адамды, адамдардың қарым-қатынасын, тарихты, дінді, Құранды, Тауратты, Пушкинді, Достоевскийді, Абайды, Шәкәрімді танып қою аз, оларды түсіну керек, олардан сабақ алу керек. Біз әлі шәкірттердің оқып жүргеніне, жаттап алғанына мән боламыз, түсінігін барлап жатпаймыз. Жоғары оқу орындарындағы, мектептердегі тест жүйесінде түсінік атымен жоқ, түсінікті есте де керек етпейді.

Эйнштейннің сөзі бар: «Білетіміз қандай көп, түсінгеніміз қандай аз» - деген. Тап солай. Бұрынғы бабаларымызда білім аз болған шығар. Бірақ олардың түсінігі, пайым-парасаты мол болғаны белгілі. Бүгінгі адамдарда білім жетеді, бірақ түсінігі тым тайыздау.

XX ғасырдың басына дейінгі қазақ философиясын да түсінік философиясы деп сипаттауға болады. Би – шешендерде, ақын-жырауларда, Ыбырай мен Абайда, басқа да даналарымызда адам туралы, өмір туралы, уақыт туралы, ар-ұят, намыс туралы таңғажайып түсінік бар. Ондай түсінікті біз қазіргі қаптап кеткен ғалымдардан, ғалымсымақтардан таба алар ма екенбіз.

Түсінікке түсінікпен қарайтын уақыт жеткен сияқты.

### **РЕЗЮМЕ**

Классическая философия Запада в лице Аристотеля, Декарта, Канта, Гегеля, Маркса и других научила нас многому.

В статье речь идет об уроках, которые преподает неклассическая философия Запада в лице Шопенгауэра, Кьеркегора, Ницше, Хайдеггера, Сартра, Камю, Фрейда и других.

### **RESUME**

Classical philosophy of the West in the name of Aristotle, Descartes, Kant, Hegel, Marx, and others taught us a lot.

The article focuses on the lessons that teach non-classical philosophy of the West in the face of Schopenhauer, Kierkegaard, Nietzsche, Heidegger, Sartre, Camus, Freud and others.